

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

**№ 1 (2026)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/BGQF1735>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BGQF1737>

**К. С. Әбдіқалық<sup>1</sup>, \*А. Шамшадинқызы<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

<sup>1</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9350-7465>

<sup>2</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1529-3948>

\*e-mail: [87757576833@mail.ru](mailto:87757576833@mail.ru)

**АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ БЕЙНЕСІН ОҚЫТУ  
ӘДІСТЕМЕСІН ЖЕТІЛДІРУ («ТАР ЖОЛ ТАЙҒАҚ  
КЕШУ», «НАЛА» ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

*Жоғары оқу орындарында прозаны оқытудың қазіргі жағдайында әдеби шығармаларды тереңірек түсінуге ықпал ететін инновациялық әдістерді қолдану қажеттілігі туындайды. Бұл әсіресе Алаш қозғалысы сияқты тарихи және мәдени мұраларға қатысты шығармаларды зерттеуде өзекті. Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында прозалық шығармаларды оқытуда қолданылып жүрген әдістемелер көбіне мәтіндік мазмұнмен шектеліп, тарихи-көркем тұрғыда терең зерделуге жеткілікті негіз қаламайды. Әсіресе, Алаш қозғалысы сияқты күрделі тарихи-мәдени құбылыстар бейнеленген шығармаларды меңгерту үдерісінде студенттердің мәтінге аналитикалық, эмоционалды және құрылымдық көзқарасын үйлестіретін тиімді тәсілдер жеткіліксіз. Бұл – зерттеудің негізгі мәселесі және осы бағыттағы әдістемелік олқылық. Зерттеу осы кемшілікті ескере отырып, прозаны оқытудың жаңа үлгісін ұсынуға бағытталды. Авторлар тарапынан әзірленген интегративтік-кешенді әдеби талдау әдістемесі – бұрыннан белгілі әдістерді механикалық біріктіру емес, студенттердің танымдық әрекетін жүйелі дамытатын, көркем мәтінді тарихи-мәдени кеңістікте түсіндіруге мүмкіндік беретін жетілдірілген оқыту құрылымы. Зерттеу нысаны ретінде Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» және Мұхтар Мағауиннің «Нала» сияқты Алаш қозғалысы өкілдерінің бейнесін суреттейтін туындылары таңдалды. Зерттеу студенттердің екі тобын салыстыруды қамтитын эксперименттік тәсілге негізделген. Бір топ SQ3R, «Алты ойлау қалпағы», Literary*

*Маррिंग және «Комплексті оқу жолдары» әдістерінің элементтерін қамтитын интегративті талдаудың ұсынылған әдістемесін пайдаланды. Басқа топ дәстүрлі оқыту әдісін ұстанды. Зерттеу нәтижелері эксперименттік топтың студенттері бақылау тобының студенттеріне қарағанда жақсы нәтиже көрсеткенін көрсетті. Зерттеу жоғары оқу орындарында прозаны оқытудың интегралды тәсілі тиімді екенін растайды. Бұл тәсілді енгізу білім алушылардың үлгерімін арттырады, олардың әдебиетті оқуға деген құштарлығын арттырады және олар оқыған шығармалардың мәдени-тарихи жай-күйін тереңірек түсінуді қалыптастырады.*

*Кілтті сөздер: алаш зиялылары, прозалық шығармалар, оқыту әдістемесі, SQ3R, әдеби шығармалар.*

### **Кіріспе**

Прозалық шығармалар адам психологиясының тереңдігін де, алуан түрлілігін де, адамның әлеммен, қоғаммен және тарихпен байланысының байлығы мен күрделілігін көрсетеді. Қ. Әбдікалық оқытушы теориялық білімді практикалық қолдану мүмкіндігін ескеруі тиіс деп мәлімдейді. Прозалық шығармаларды оқытуда «АПФ» дебат, кубизм, «Кешкі жаңалықтар» әдістерін қолдануды ұсынады [1]. К. К. Сүйгенбаева инновациялық технологиялардың қазіргі білім беруде қалай маңызды рөл атқаратынын және олардың оқушылардың дамуына қалай әсер ететінін қарастырды. Бұл тұрғыда ғалым Н. А. Оразакинова әзірлеген «Кезең-кезеңмен кешенді талдау» әдісіне ерекше назар аудару керек. Бұл әдіс алғаш рет 1994 жылы қолданылды және оның тиімділігі расталды. Бұл материалды мұқият және құрылымды зерттеуді қажет етеді, бұл оны жақсы түсінуге және сыни ойлауды дамытуға көмектеседі [2].

С. С. Байсарина сараланған оқыту технологиясын қолдану қажет деп санайды. Бұл тәсіл оқушылардың жеке қабілеттеріне, олардың мотивациясына және мұғаліммен қарым-қатынасына назар аудара отырып, материалды игеруді арттырады [3]. Прозаны оқытудың жалпы әдістері – мәтінмен жұмыс істеу, шығарманы талдау, мәтіннің негізгі идеясын анықтау және мәтінге қатысты әртүрлі тапсырмаларды орындау.

Бұл мақаланың мақсаты: қолданыстағы тәсілдерге негізделген университеттерде прозаны оқытудың жаңа тәсілін ұсыну. Зерттеу нысаны Алаш қайраткерлері бейнеленген проза туындылары болды.

Алашорда қозғалысы – қазақ халқының тарихындағы ең көрнекті беттердің бірі. Бұл қазақ ғылымы мен білімінің, мәдениеті мен руханиятының өсу кезеңі болды. Қазіргі уақытта біздің қоғамда Алаш идеясы – Тәуелсіздік идеясы деген пікір қалыптасқан [4]. Қозғалыс жетекшілері белсенді саяси

күрес арқылы автономияға бейбіт жолмен қол жеткізуді мақсат етті. Мысалы, Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы революцияларды қауіпті және тиімсіз деп санады, сондықтан олар тікелей және жүйелі бейбіт реформаларды жақтады. 1911 жылы Санкт-Петербургте Алаш қозғалысының негізгі мүшелерінің бірі Б. Сыртанов «Қазақ халқының жарғысы» атты болашақ мемлекет Конституциясының жобасын әзірледі [5], ал 1918 жылы ақын және қоғам қайраткері Ж. Аймауытов «Абай» журналында Алаш қозғалысының әнұранын жариялады. Мемлекеттік құрылыс мәселелерінде А. Байтұрсынұлы білім мен тәрбиені жоғары бағалап, «Егер біз жастарды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін ретке келтірмесек, халықтың негізгі проблемаларын шешу мүмкін емес» деп атап өтті [6]. «Өз тілінде сөйлейтін және өз әдебиеті бар адамдардың ғана өз бетінше өмір сүруге құқығы бар екенін ешқашан ұмытпаған жөн», – деді ол қазақ тілі мен қазақ әдебиеті қайта жанданған қазақ мемлекетінде лайықты орынға ие болуы керек деп мәлімдеді. М. Дулатұлы мешіттер мен медреселерді кеңінен салу жастарды исламды, халықтық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу рухында тәрбиелеу үшін өте маңызды деп есептеді [7].

1917 жылы Ә. Бөкейхан көптеген отандастарының құқықтарын қорғап, өмірін сақтап қалды. Осыған байланысты Ә. Бөкейхан былай деп жазды: «Ана тілін білетін дәрігердің немесе фельдшердің көмегі шетелде өте құнды» [8].

Бұл біз білетін алаш зиялыларының тарих бетіндегі нағыз бейнесі мен ұрпаққа қалдырған мұрасы. Осы ретте көркем әдебиеттегі А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, М. Жұмабаев, М. Шоқай т.б. алаш зиялыларының бейнесі кездеседі.

### **Материалдар мен әдістері**

Прозалық шығармадағы Алаш зиялылар бейнесін оқыту үшін бірнеше әдістер таңдалып, сол әдістерде маңызды деп тапқан тұстарды іріктей отыра, жаңа әдістеме ұсынамыз. Мақала шеңберінде келесі әдістер негізге алынды:

1. SQ3R әдістемесі (Survey, Question, Read, Recite, Review). Авторы: Фрэнсис П. Робинсон [9]. SQ3R әдісі мәтінді түсінуді және оны есте сақтауды жақсарту үшін әзірленген. Ол мәтінмен жұмыс істеу кезінде білім алушылар өтуі керек бес кезенді қамтиды (Сурет 1):

2. «Алты ойлау қақпағы» әдісі (Six Thinking Hats). Авторы: Эдвард де Боно [10].

Бұл әдіс мәтінді жан-жақты талдауға бағытталған. Әрбір «қалпақ» белгілі бір ойлау стилін білдіреді.

Ақ қалпақ: фактілер мен ақпарат. Білім алушылар мәтінде берілген нақты ақпаратқа назар аударуы керек.

Қызыл қалпақ: эмоциялар мен сезімдер. Мәтінге эмоция беретін тұстарды анықтау. реакцияларын білдіруі керек.

Қара қалпақ: сын және жағымсыз тұстар. Мәтіннің әлсіз жақтарын, ықтимал мәселелері мен тәуекелдерді талдайды.

Сары қалпақ: позитивті ойлау. Мәтіннің жағымды жақтарын, артықшылықтары мен мүмкіндіктерін іздейді.

Жасыл қалпақ: шығармашылық және балама тәсілдер. Мәтіндегі жаңа идеяларды сипаттайды.

Көк қалпақ: ойлау үдерісін басқару. Оқушылар өз ойлары мен пікірлерін ұйымдастырады және құрылымдайды.

3. Әдеби картаға түсіру әдісі қазіргі кездегі ең кең таралған тәсілдердің бірі болып табылады [11].

– Кейіпкерлер картасын жасау (Character Map): студенттер шығарманың негізгі кейіпкерлерін, олардың бір-бірімен қалай байланысқанын және мәтіннің басқа элементтерімен қалай байланысқанын көрсететін графикалық карта жасайды.

Оқиға картасы – бұл мәтінде сипатталған негізгі оқиғалардың картасы, сонымен қатар олардың реттілігі. Бұл студенттерге сюжеттің қалай дамып жатқанын және оқиғалардың бір-бірімен қалай байланысты екенін жақсы түсінуге көмектеседі.

Тақырыптар картасы шығарманың негізгі тақырыптары мен мотивтерін, сондай-ақ олардың бір-бірімен қалай әрекеттесетінін және мәтінде қалай дамיתынын талдауды қамтиды.

4. Жүсіпбек Аймауытовтың «Комплексті оқу жолдары» еңбегі оқытуға кешенді көзқарасты ұсынатын әдістеме болып саналады [12]. Бұл тәсіл бүгінгі күнге дейін өз өзектілігін сақтап келеді. Бұл әдістеме әртүрлі оқу бөліктерін бір тақырыпқа біріктіруге баса назар аударады, сол арқылы білім алушылар ақпаратты оңай ұғады әрі өздерінің функционалдық сауаттылығын арттырады. Ж. Аймауытовтың прозаны оқу бойынша ұсынған әдістемесі он төрт кезеңнен тұрады. Бұл кезеңдер реттілігі студенттерге мәтінді түсінуге және оқу үдерісіне белсенді қатысуға көмектеседі. Білім алушыларды оқуға дайындау бірінші қадам болып саналады. Одан соң білім алушылардың мотивациясын арттыру үшін көрнекі құралдар және мәтінге байланысты өмірден алынған оқиғалар қолданылады. Кейін студенттер мәтінде дауыстап оқу арқылы басқа студенттердің назарын аударады. Мәтін оқылғаннан соң студенттер мәтін мазмұнын талдап, талқылайды. Бұл сыни ойлауды дамытуға көмектеседі. Әрі қарай оқытушы түсініксіз әрі күрделі сөздерді түсіндіреді. Мәтінде қолданылған әдеби құралдар қарастырылады, мысалы метафоралар, эпитеттер. Сол арқылы автордың қолданған техникасын түсінуге болады. Содан соң студенттер мәтін мазмұнын қысқа баяндау арқылы негізгі ойды бекітеді. Мәтін логикалық бөліктерге бөлінеді және әр бөлік мұқият қарастырылады. Бұл мәтін құрылымын зерттеуге мүмкіндік береді. Келесі

кезеңде оқытушы мәтін бойынша сұрақтар қою арқылы диалогті бастайды, бұл мәтінді түсінуге көмектеседі. Студенттер мәтіннің негізгі тақырыптарын бөліп көрсетіп, жазады.

Мәтін мен оны оқытын адамның жеке тәжірибесінің арасында байланыс орната отырып, мәтінді түсінікті етуге болады. Студенттер қорытынды шығара отырып, мәтіннен алынған негізі ойды қалыптастырады. Бұл кешенді әдіс мәтінді жақсы түсінуге ғана емес, сонымен қатар сыни ойлауды дамытуға арналған. Осы ақпараттарға сүйене отырып, біз Алаш мұрасын интегративті талдау әдістемесін ұсынғымыз келеді. Бұл әдістеменің негізгі мақсаты – алаш зиялыларының бейнесі бар прозаны жетік меңгеру. Бұл жоғарыда келтірілген төрт әдістің тиімді деп табылған бөліктерін біріктіру арқылы құрастырылған және жеті кезеңнен тұрады. Бұл мәтін мен оның мазмұнын кезең-кезеңмен талдауға бағытталған.

Зерттеу барысында қазіргі білім беру кеңістігінде кеңінен қолданылып жүрген SQ3R, «Алты қалпақ», Literary Mapping және Ж. Аймауытовтың «Кешенді оқу жолдары» сияқты әдістемелердің тиімді элементтері сараланып, солардың негізінде прозалық шығармаларды оқытудың интегративті тәсілін жаңғырту көзделді. Бұл тәсіл тек әдістерді біріктірумен шектелмейді, керісінше, Алаш зиялыларының көркем бейнесін танымдық-талдамалық деңгейде меңгеруді мақсат еткен жеті кезеңді авторлық әдістеме ретінде құрылды.

Әдістеменің жаңалығы – білім алушылардың көркем мәтінді оқып-түсінуінен бастап, тарихи-мәдени мәнмәтінді пайымдауға дейінгі ойлау әрекетін құрылымдауға бағытталған оқу тізбегін ұсынуында.

Әдістеме атауы: Интегративті-кешенді әдеби талдау әдістемесі (ИКӨТӨ). Ұсынылып отырған интегративті-кешенді әдеби талдау әдістемесі (ИКӨТӨ) – көркем прозадағы тарихи-идеялық мазмұнды, соның ішінде Алаш зиялылары бейнесін танымдық, құрылымдық және сыни тұрғыдан меңгеруге бағытталған жаңартылған оқыту технологиясы. Бұл әдістеме бұрынғы классикалық тәсілдерден өзгеше: ол оқушының мәтінмен жұмысын бірізді жүйеге түсіріп, фактіні тану – эмоциялық қабылдау – құрылымдық талдау – тарихи пайым бағытында дамытуды көздейді.

ИКӨТӨ – қазіргі педагогикалық тәжірибеде өзін дәлелдеген бірқатар әдістердің ұтымды тұстарын жаңаша ұйымдастыру арқылы әзірленген. Әр кезеңнің мақсаты мен тапсырмасы оқушының когнитивті және аналитикалық қабілетін жүйелі дамытуды көздейді. Сонымен қатар, тарихи-мәдени мәтіндермен жұмыс істеуде студенттердің тек әдеби мазмұнды ғана емес, ұлттық сана мен тарихи сабақтастықты сезіну қабілетін арттыруға бағытталған.

## Әдістеме кезеңдері 1 кестеде көрсетілген (1-кесте).

## 1-кесте – Әдістеме кезеңдері

Кезең атауы	Сипаттамасы	Тапсырма мысалы
Дайындық	Дайындық кезеңде білім алушылар берілген мәтiмен таныса отырып, оған қысқа сипаттама бередi, ол бойынша сұрақтар қояды, сол арқылы мәтiннiң негiзгi ойын анықтайды.	Мәтiн бойынша 3-5 сұрақ қою
Ерекшелiктерге назар аударатын отырып оқу	Бiлiм алушылар мәтiндi мұқият оқып, маңызды деп тапқан тұстарын назар аударатын отырып, сұрақтардың жауабын мәтiннен тауып белгiлейдi.	Бiлiм алушыларға мәтiннiң негiзгi ойы болып саналатын тұстарын бөлiп көрсету тапсырмасы берiледi.
М а з м ұ н д ы суреттеу	Бұл кезеңде студенттер шығарманың құрылымын, оның бөлiктерiнiң байланысын айқындау үшін кейiпкерлер, жағдайлар картасы құрылады.	Шығарманың мазмұнын дұрыс ұғыну үшін негiзгi оқиғалар және басты кейiпкерлер картасын құру тапсырмасы берiледi.
Әртүрлi тұрғыдан талдау (алты қалпақ)	Бiлiм алушылар мәтiннiң мазмұнын «Алты қалпақ» әдiсiн қолдана отырып талдайды.	Студенттер мәтiндi әртүрлi қырлардан сипаттайды: фактiлер, эмоциялар, сын пiкiрлер, жағымды тұстар, шығармашылық ойлар.
Мәтiндi сыни талдау	Мұнда студенттер метафоралар, эпитеттер сияқты көркемдiк құралдарға назар аударатын отырып, мәтiнге терең талдау жасайды. Бұл кезең Ж. Аймауытовтың әдiстемесiнiң элементтерiне сәйкес келедi.	Шығарманың негiзгi тақырыбын ашудағы рөлiн көрсете отырып, мәтiннiң көркемдiк құралдарына талдау жасау.
Талқылау және пiкiр алмасу	Талдап болған соң, студенттер өздерiнiң қорытындыларын шығарып, бақылауларымен бөлiстi.	Г о п т а т а л қ ы л а у д ы ұйымдастырып, онда әр студент бастапқыда қойылған сұрақтарға өз қорытындылары мен жауаптарымен бөлiседi.
Қорытынды және рефлексия	Бiлiм алушылар берiлген шығарма мазмұнын қорытындылап, мәтiннен алған негiзгi ойлармен бөлiседi.	Бiлiм алушыларға жазбаша шығармашылық тапсырма берiледi, соның iшiнде эссе кеңiнен қолданылады

Осы әдістемені қолдана отырып, зерттеуге С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» [13], М. Мағауинның «Нала» еңбектері таңдалды.

«Тар жол, тайғақ кешу» романы – 1916-1919 жылдар аралығында болған Қазақстан жеріндегі қиын жағдайды, оқиғаларды сипаттайды. Бұл шығарма –

ұлт-азаттық қозғалыс тұсындағы саяси және әлеуметтік өзгерістерді, сондай-ақ билік үшін күресті сипаттайды. С. Сейфуллин бұл жылдардағы өзінің өткерген қиындықтарын суреттейді. Бұл еңбек қоғамдық шиеленісті ғана емес, ірі тарихи оқиғаларды да атап өтеді. Мысалы, С. Сейфуллиннің азаматтық соғысқа қатысуы, кеңестер құру үдерісінде белсенді болуы және т.б.

М. Мағауинның «Нала» еңбегі Сұлтанмахмұт Торайгыровтың өмір жолына және қоғамдағы рөліне талдауға арналған.

### Нәтижелер және талқылау

С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» шығармасын ұсынылған интегративті-кешенді әдеби талдау әдістемесі арқылы оқу кезеңдері (2-кесте).

2-кесте – «Тар жол, тайғақ кешу» шығармасын интегративті әдістеме арқылы оқу кезеңдер

1 кезең: дайындық, шолу	Дайындық кезеңінде білім алушылар берілген шығарманың мазмұнымен толық танысып, оған байланысты сұрақтарды өзірлейді. Осындай сұрақтардың бірі: Сәкен Сейфуллин өзінің шығармасы арқылы тарихи жағдайды және жеке тәжірибені қалай жеткізеді?	Романның басында Сәкен Сейфуллин былай деп жазады: «Біз, әрине, мұндай сәттерге уақыт талабы ыңғайымен, өркім өз талғамына орай, түрлі рәуіште көз салуға еріктіміз». Бұл үзінді автордың оқиғаларды сипаттап қана қоймай, оларды талдап, оқырманға тарихи жағдайды өз бетінше бағалауды ұсынатынын көрсетеді.
Ерекшеліктерге назар аударатын оқу	Мұқият оқу барысында студенттер романда сипатталған оқиғалардың күрделілігін бейнелейтін негізгі ойларды атап өтті. Сәкен Сейфуллиннің репрессияға және оның революциялық қозғалысқа қатысуына байланысты бөліктерге ерекше назар аударылды	Студенттер Сәкен Сейфуллин өзінің күресін сипаттайтын эпизодты атап өтті: «Сәкен Сейфуллин революцияға қалыптасқан тұлға ретінде араласады».
М а з м ұ н д ы суреттеу	Білім алушылар Сәкен Сейфуллиннің басқа танымал адамдармен байланысын және оның тарихтағы орнын көрсететін көрнекі карталар өзірледі.	Анненков пен Колчактың Сәкен Сейфуллин байланысын көрсететін карта: «Сәкен Сейфуллин Анненков пен Колчак әскерлерінің шабуылын өз көзімен көріп, қатты қиналады».

Өртүрлі тұрғыдан талдау (алты қалпақ)	Шығарманы өртүрлі көзқарастардан талдау кезінде студенттер эмоционалды және сыни қырларды ерекше атап өтті	«Қызыл қалпақты» қолдана отырып, студенттер келесі жолдарға назар аударды: «Біз Қолчак пен Анненковтің ашуынан жағымсыз жағдайларға тап болдық». Мәтіннің эмоционалды қанықтылығы сипатталған оқиғалар кезінде кейіпкерлердің басынан өткерген қорқыныштарын білдіретін осы сөздермен беріледі.
Мәтінді сыни талдау	Білім алушылар шығарманы талдай отырып, Сәкен Сейфуллин қолданған көркемдік құралдарды сипаттайды, соның ішінде метафоралар мен белгілер	Шығарманың негізгі ойларының бірі өмірдің ауырлығын сипаттау үшін метафораны қолданады: «Тар жол, тайғақ кешу, бұл – өмірдің шындық жолы, қайғы мен қуаныштың өзара араласуы». Бұл метафора революциялық кезеңдегі өмірдің күресі мен тұрақсыздығын бейнелейді, бұл бостандық пен әділеттілікке апаратын жолдың қаншалықты қиын болғанын көрсетеді. Осындай мысалдардың бірі-кейіпкерлердің ішкі күйін анықтайтын пейзаждың сипаттамасы: «Жылаған бейбаққа қамыс сыбдыры қосылатындай, көл үстіндегі күстар мұңды дауысты іліп әкететіндей».
Талқылау және пікір алмасу	Білім алушылар топтық талқылау кезінде өздерінің нәтижелерімен, яғни талдауларымен бөліседі.	Репрессия көріністерін талқылай отырып, студенттер: «Ақмоладағы қажы, қалыс, саудагерлермен де, Орал, Торғайдағы Алашорда өкілдерімен де Сәкен Сейфуллин публицистикалық стильде ашық айтысқа барады».
Қорытынды және рефлексия	Студенттер XX ғасырдың басындағы Қазақстанның тарихи жағдайын түсіну үшін «Тар жол, тайғақ кешу» маңыздылығы туралы өз әсерлерін білдірді.	Эсседе студенттер Сәкен Сейфуллиннің шығармасы тарихи құжат қана емес, сонымен бірге сол уақыттың терең эмоционалды дәлелі екенін атап өтті: «Бұл роман – қазақ халқының XX ғасыр басындағы ауыр тағдырын терең суреттейтін көркем туынды».

Мұхтар Мағауинның «Нала» еңбегін ұсынылған интегративті әдістемесі арқылы оқу кезеңдері (3-кесте).


3-кесте – «Нала» шығармасын интегративті-кешенді әдеби талдау әдістеме арқылы оқу кезеңдері

1 кезең: дайындық, шолу	Білім алушылар мәтінге байланысты негізгі сұрақтарды әзірлейді, шығарманың негізгі мазмұнымен танысады. Бұл ретте Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өз ойы мен сезімін жеткізу үшін ішкі монологті қалай қолданатынын анықтау маңызды.	Сұлтанмахмұт Торайғыров өз өмірінің мәнін іздейді: «Мен кіммін? Осы күнге жетіп, неге осындай күй кешіп жүрмін?»
Ерекшеліктерге назар аударатырып оқу	Шығарманың негізгі идеяларын ашатын дөйексөздер ерекшеленеді. Студенттер Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өз идеялары мен ішкі жанжалы үшін күресін көрсететін маңызды сәттерді атап өтеді.	«Өмірдің бір түйіні тарқамаған жіп сияқты» деп Сұлтанмахмұт Торайғыров өмірдегі қиындықтарды бейнелейді.
М а з м ұ н д ы суреттеу	Басты кейіпкерлер, негізгі оқиғалар мен тақырыптар картасы мәтін құрылымын айқындауға көмектеседі. Мысалы, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың қоғамға деген қатынасы.	«Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмір жолы, туындылары тікелей Алаш өмірімен тығыз байланысты.
Әртүрлі тұрғыдан талдау (алты қалпақ)	Шығарма негізгі шығармашылық ойларды, нақты деректерді, әртүрлі көзқарас тұрғысынан талданады.	Мысалы, қызыл қалпақты алатын болсақ. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың қоғамнан жатсынуы және өзін жалғыз сезінуі оның өмірінің негізгі ауыртпалығы ретінде қабылданады
Мәтінді сыни талдау	Берілген шығармада әртүрлі әдеби құралдар қолданылды: метафоралар, эпитеттер, символдар. Бұл құралдар кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін сипаттау үшін қолданылды.	Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмір жолы теңіздегі кемеге сәйкес келеді. Толқындар оны әртүрлі бағыттарға қарай итермелеп, жолынан тайдыруға тырысады.
Талқылау және пікір алмасу	Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалап, мәтіннің негізгі мазмұнын талдайды	Сұлтанмахмұт Торағыровтың қоғамдағы рөлі талданып, оның өмір жолындағы қиындықтары аталып өтеді.
Қорытынды және рефлексия	Білім алушылар шығарманың алатын орны, мәні жайлы өз ойларын білдіріп, Сұлтанмахмұт Торағыровтың сіңірген еңбегі, Алаш мәдениетінің дамуына оның қосқан үлесін талдайды.	Сұлтанмахмұт Торайғыров Алаш идеяларын алға тарта отырып, оны өз өмірінің мәніне айналдырды

Ұсынылған әдістеменің тиімділігін анықтау үшін 401-топтың 27 студентімен эксперимент жүргізілді. Бұл топ екі топқа бөлінді. 14 студент эксперименттік тобын, 13 студент бақылау тобын құрды. Эксперименттік топқа прозалық шығарманы оқу барысында біз әзірлеген әдістемені қолдану ұсынылды. Ал бақылау тобы дәстүрлі әдісті қолданды. Екі топ екі түрлі әдіспен «Тар жол тайғақ кешу» және «Нала» шығармаларын оқып, талдады.

Тәжірибе соңында прозалық шығармаға қатысты сұрақтар мен тапсырмалар берілді.

401-топтың студенттері келесі нәтиже көрсетті (1-сурет).



1-сурет – Тәжірибе соңындағы салыстырмалы нәтижелер

Эксперименттік топта 7 студент жоғары нәтиже көрсетті, ал мұндай студенттердің саны бақылау тобында тек үшеу болды. Бұл интегративті-кешенді әдеби талдау әдістемесін қолдану материалды тереңірек түсінуге және шығармалардың негізгі идеяларын жақсы игеруге ықпал еткендігін көрсетеді. Екі топта да студенттер бірдей орташа деңгейді көрсетті. Бұл орташа қабілетті студенттер екі оқу әдісіне де бірдей жауап беретінін білдіруі мүмкін. Бақылау тобында 4 студент төмен нәтиже көрсетті, ал мұндай студенттердің саны эксперименттік тобында тек біреу болды. Бұл интегративті-кешенді әдеби талдау әдістеме мәтінді неғұрлым құрылымды және жан-жақты талдауды ұсына отырып, төмен үлгерімді болдырмайтынын растайды.

Бұл әдістемені жоғары оқу орындарында прозаны оқу кезінде, әсіресе Алаш қозғалысы аясында қолдану үшін ұсынуға болады. Бұл студенттерге мәтіндерді оқып қана қоймай, Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасы туралы тереңірек түсінік қалыптастыруға көмектеседі. Келесі зерттеулер осы әдістемені басқа әдеби жанрлар мен тарихи жағдайларда қолдануды кеңейтуге, сондай-ақ әдістемені әртүрлі білім деңгейлеріне бейімдеуге бағытталуы мүмкін.

### **Қорытынды**

Зерттеу барысында прозаны оқытудың әртүрлі әдістері Алаш қозғалысына байланысты шығармаларды оқу барысында талданды. Жүргізілген талдау

негізінде SQ3R әдісі, «Алты қалпақ» және Literary Mapping сияқты бірнеше тиімді тәсілдердің элементтерін біріктіретін оқытудың жаңа әдістемесі әзірленіп, ұсынылды. Бұл әдіс С. Сейфуллин мен М. Мағауин шығармаларының мысалында эксперименттік сынақтан өтті. Зерттеу аясында студенттерді оқыту үдерісіне жаңа әдістеме енгізілді. Ұсынылған әдістемені қолданатын студенттердің эксперименттік тобы жоғары нәтиже көрсетті. Жоғары оқу орындарында прозаны оқытуға интегративті тәсілді қолдану өзінің тиімділігін дәлелдеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Әбдіқалық, К., Алиева, Ж., Қуланова, М.** Мектепте прозалық шығармаларды оқытудың тиімді әдістері [Мәтін] // Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Филологические науки». – 2020. – № 2 (72). – 513-б.

2 **Сүйгенбаева, К. К.** Әдебиет сабағында прозалық шығармаларды сатылай кешенді талдау [Мәтін] // Зияткер, 2020.

3 **Байсарина, С. С., Сламбекова, Т. С., Боранбаева, М. С.** Деңгейлеп саралап оқыту технологиясының ерекшеліктері [Мәтін] // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің хабаршысы, Педагогика, психология, социология сериясы. – 2018. – № 4 (125). – 31-б.

4 **Ерланқызы, А., Амирова, Г. О., Мирзамсеитова, Г. Е.** Алаш қозғалысы – азаттық бастауы [Мәтін] // Qazaqtaný. – 2019. – № 4. – 286–290-б.

5 **Нүрпейісов, Е., Жүсіп, С.** Барлыбек Сырттанұлының «Қазақ елі Жарғысының» конституциялық мәні (С.Б. Алашинский) [Мәтін] // Л. Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Құқық сериясы. – 2023. – № 3 (144). – 29–41-б.

6 **Агеев, М. О., Ишмухаметова, К. А.** Великое наследие Ахмета Байтурсынулы и других деятелей движения «Алаш» [Мәтін] // ББК 74.58 С 23. – 2022. – 8-б.

7 **Жураева, У. У. Қ., Байзаков, Ж. А.** Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлы [Мәтін] // Central Asian Academic Journal of Scientific Research. – 2022. – Т. 2. – № 1. – 80–83-б.

8 **Қурманаева, А. Ж., Киккаринов, Е. Б.** Алаш партиясының көшбасшысы-Әлихан Бөкейханов [Мәтін] // Молодой ученый. – 2021. – № 9. – 247–252-б.

9 **Basar, M., Gürbüz, M.** Effect of the SQ4R Technique on the Reading Comprehension of Elementary School 4th Grade Elementary School Students [Text] // International Journal of Instruction. – 2017. – Т. 10. – №. 2. – P. 131–144.

10 **Lystopad, O. A., Mardarova, I. K., Kuk, T.** Forming Students' Motivation For Creativity By Means of Edward De Bono's «Six Thinking Hats» Technique. – 2017.

11 **Калуцков, В. Н., Морозова, М. М.** Литературные карты и их типологические репрезентации [Текст] // Вопросы географии. – 2020. – № 151. – С. 160–185.

12 **Құдайбергенова, Г. А.** Жүсіпбек Аймауытовтың әдістемелік мұрасы [Мәтін] // TILTANYM Учредители: Институт языкознания имени А. Байтурсынова. – № 3. – 68-73-б.

13 **Оспанова, А. А.** Сәкен Сейфуллин шығармашылығының жаңашылдық сипаттары [Мәтін] // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2011. – Т. 132. – № 2. – 270-б.

## REFERENCES

1 **Abdikalyk, K., Alieva, Zh., Kulanova, M.** Mektepte prozalyk shygarmalarydy okytudyn tiimdi adisteri [Effective methods of teaching prose works at school] [Text] // Vestnik KazNPU imeni Abaya, seriya «Filologicheskie nauki». – 2020. – Т. 2. – № 2 (72). – 513 p.

2 **Suygenbaeva, K. K.** Adebiet sabagynda prozalyk shygarmalarydy satylay keshendi taldaу [Step-by-step complex analysis of prose works in Literature lessons] [Text] // Ziyatker. – 2020.

3 **Baysarina, S. S., Slambekova, T. S., Boranbaeva, M. S.** Dengeylep saralap okytu tehnologiyasynyn erekshelikteri [Features of the technology of level-based learning] [Text] // L.N. Gumilev atyndagy Euraziya Ultyk universitetinin khabarshysy, Pedagogika, psikhologiya, sotsiologiya seriyasy. – 2018. – № 4 (125). – 31 p.

4 **Erlankyzy, A., Amirova, G. O., Mirzamseitova, G. E.** Alash qozgalysy – azattyk bastauy [Alash movement-the beginning of liberation] [Text] // Qazaqtany. – 2019. – № 4. – 286–290 p.

5 **Nurpeyisov, E., Zhusip, S.** Barlybek Syrttanulynyn «Kazak eli Zhargysynyn» konstitutsiyalyk mani (S.B. Alashinskiy) [Constitutional significance of the «Charter of the Kazakh land» by barlybek Syrtanovich (S. B. Alashinsky)] [Text] // L.N. Gumilev atyndagy Evraziya ultyk univesitetinin Khabarshysy. Kukik seriyasy. – 2023. – № 3 (144). – 29–41 p.

6 **Ageev, M. O., Ishmukhametova, K. A.** Velikoe nasledie Akhmeta Baytursynuly i drugikh deyateley dvizheniya «Alash» [The great legacy of Akhmet Baitursynula and other figures of the Alash movement] [Text] // BBK 74.58 S 23. – 2022. – 8 p.

7 **Zhuraeva, U. U., Bayzakov, Zh. A.** Alash kayratkeri Mirzhakyp Dulatuly [Alash activist Mirzhakyp Dulatovich] [Text] // Central Asian Academic Journal of Scientific Research. – 2022. – Т. 2. – № 1. – P. 80–83.

8 **Kurmanaeva, A. Zh., Kikkarinov, E. B.** Alash partiyasynyn koshbasshysy-Alikhan Bokeykhanov [Leader of the Alash party-Alikhan Bukeikhanov] [Text] // Molodoy uchenyy. – 2021. – № 9. – P. 247–252.

9 **Basar, M., Gürbüz, M.** Effect of the SQ4R Technique on the Reading Comprehension of Elementary School 4th Grade Elementary School Students [Text] // International Journal of Instruction. – 2017. – Vol. 10. – № 2. – P. 131–144.

10 **Lystopad, O. A., Mardarova, I. K., Kuk, T.** Forming Students' Motivation For Creativity By Means of Edward De Bono's «Six Thinking Hats» Technique [Text]. – 2017.

11 **Kalutskov, V. N., Morozova, M. M.** Literaturnye karty i ikh tipologicheskie reprezentatsii [Literary maps and their typological representations] [Text] // Voprosy geografii. – 2020. – № 151. – P. 160–185.

12 **Kudaybergenova, G. A.** Zhusipbek Aymaulytovtyñ adistemelik murasy [Methodical heritage of zhusupbek Aimaulytov] [Text] // TILTANYM Uchrediteli: Institut yazykoznaniiya imeni A. Baytursynova. – № 3. – P. 68–73.

13 **Ospanova, A. A.** Saken Seyfullin shygarmashylygynyn zhanashyldyk sipattary [Innovative characteristics of Saken Seifullin's work] [Text] // Vestnik KazNU. Seriya filologicheskaya. – 2011. – Vol. 132. – № 2. – 270 p.

24.10.24 ж. баспаға түсті.

22.05.25 ж. түзетулерімен түсті.

16.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*К. С. Әбдіқалық<sup>1</sup>, \* А. Шамшадинқызы<sup>2</sup>*

<sup>1,2</sup>Казахский национальный женский педагогический университет,  
Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 24.10.24.

Поступило с исправлениями 22.05.25.

Принято в печать 16.02.26.

## **СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕТОДИКИ ОБУЧЕНИЯ ОБРАЗУ АЛАШСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ (НА ОСНОВЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ «УЗКАЯ ДОРОГА», «НАЛА»)**

*В современных условиях преподавания прозы в вузах возникает необходимость применения инновационных методов, способствующих более глубокому пониманию литературных произведений. Это особенно актуально при изучении произведений, связанных с историческим и культурным наследием, таких как движение Алаш. Методики, используемые в настоящее время при обучении прозаическим произведениям в высших учебных заведениях, часто ограничиваются текстовым содержанием и не дают достаточных оснований для глубокого изучения историко-художественного контекста. В частности, в процессе*

*освоения произведений с изображением сложных историко-культурных явлений, таких как движение Алаш, недостаточно эффективных подходов, сочетающих аналитический, эмоциональный и структурный подход учащихся к тексту. Это основная проблема исследования и методологический пробел в данном направлении. Исследование было сосредоточено на предоставлении новой модели обучения прозе с учетом этого недостатка. Разработанная авторами методика интегративно-комплексного литературного анализа-это не механическое объединение уже известных методов, а усовершенствованная структура обучения, которая систематически развивает познавательную деятельность учащихся, позволяет интерпретировать художественный текст в историко-культурном пространстве. В качестве объекта исследования были выбраны произведения Сакена Сейфуллина, иллюстрирующие образы представителей движения Алаш, таких как «Узкая дорога» и Мухтара Магауина «Нала». Исследование основано на экспериментальном подходе, который включает сравнение двух групп студентов. Одна группа использовала предложенную методологию интегративного анализа, которая включала элементы SQ3R, «шесть мыслительных шляп», Literary Mapping и «комплексные пути обучения». Другая группа следовала традиционному методу обучения. Результаты исследования показали, что студенты экспериментальной группы показали лучшие результаты, чем студенты контрольной группы. Исследование подтверждает, что интегрированный подход к обучению прозе в высших учебных заведениях эффективен. Внедрение данного подхода повышает успеваемость обучающихся, повышает их желание читать литературу и формирует более глубокое понимание культурно-исторического состояния прочитанных ими произведений.*

*Ключевые слова: алашская интеллигенция, прозаические произведения, методика преподавания, SQ3R, художественные произведения.*

*К. Abdikalyk<sup>1</sup>, \*А. Shamshadinkyzy<sup>2</sup>*

<sup>1,2</sup>Kazakh National Women's Pedagogical University,  
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 24.10.24.

Received in revised form 22.05.25.

Accepted for publication 16.02.26.

## **IMPROVING THE METHODOLOGY OF TEACHING THE IMAGE OF THE ALASH INTELLIGENTSIA (BASED ON THE WORKS «THE NARROW ROAD», «NALA»)**

*In modern conditions of teaching prose in universities, there is a need to apply innovative methods that contribute to a deeper understanding of literary works. This is especially relevant when studying works related to historical and cultural heritage, such as the Alash movement. The methods currently used in teaching prose works in higher education institutions are often limited to textual content and do not provide sufficient grounds for in-depth study of the historical and artistic context. In particular, in the process of mastering works depicting complex historical and cultural phenomena, such as the Alash movement, there are insufficient effective approaches combining the analytical, emotional and structural approach of students to the text. This is the main problem of the study and a methodological gap in this area. The research focused on providing a new prose teaching model to address this shortcoming. The method of integrative-complex literary analysis developed by the authors is not a mechanical combination of already known methods, but an improved learning structure that systematically develops students' cognitive activity and allows them to interpret an artistic text in the historical and cultural space. The works of Saken Seifullin illustrating the images of representatives of the Alash movement, such as «narrow road» and Mukhtar Magauin «Nala», were chosen as the object of research. The study is based on an experimental approach that involves comparing two groups of students. One group used the proposed integrative analysis methodology, which included elements of SQ3R, «six thinking hats», Literary Mapping and «integrated learning paths». The other group followed the traditional teaching method. The results of the study showed that the students of the experimental group demonstrated better results than the students of the control group. The study confirms that an integrated approach to teaching prose in higher education institutions is effective. The introduction of this approach increases the academic performance of students, increases their desire to read literature and forms a deeper understanding of the cultural and historical state of the works they have read.*

*Keywords: Alash intellectuals, prose works, teaching methods, cultural heritage, SQ3R, artistic works.*

Теруге 16.02.2026 ж. жіберілді. Басуға 27.03.2026 ж. кол койылды.

Электронды баспа

5,46 МБ RAM

Шартты баспа табағы 40,7. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исақова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4508

Сдано в набор 16.02.2026 г. Подписано в печать 27.03.2026 г.

Электронное издание

5,46 МБ RAM

Усл. печ. л. 40,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. С. Исақова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4508

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz